

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 18 қазандағы № ДС-360 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Ресей Федерациясының аумағы арқылы қазақстандық карантинге жатқызылған өнімнің транзиті кезіндегі фитосанитариялық шектеулерге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

***Ресми келіссөздер жүргізуге және жауап шараларын енгізуге қатысты***

2024 жылғы 17 қазаннан бастап Ресей Федерациясының Ветеринариялық және фитосанитариялық қадағалау жөніндегі федералдық қызметі (*бұдан әрі – Россельхознадзор*) бидай, жасымық, зығыр тұқымын және басқа да тауарларды Қазақстаннан әкелуге уақытша шектеулер енгізді.

Үкіметаралық комиссияның (*бұдан әрі – Комиссия*) отырысында Россельхознадзор тарапынан қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін негізсіз біржақты қайтару жағдайлары талқыланды. Нәтижесінде Комиссия екі елдің уәкілетті органдарына шектеулерді алып тастау үшін қысқа мерзімде консультациялар өткізуді тапсырды.

Ағымдағы жылғы 21 қазанда Ауыл шаруашылығы министрлігі (*бұдан әрі – АШМ*) карантиндік өнімдерге көшу кезінде карантиндік фитосанитариялық бақылауға қатысты өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі және сындарлы зерделеу әрі Ресей Федерациясы тарапынан уақытша шектеулердің енгізілуі жөніндегі мәселелерді талқылау мақсатында Россельхознадзор атына екіжақты кеңес өткізу туралы ресми хат жіберді.

1 қарашада тараптар арасында ветеринариялық қадағалау және өсімдік карантині саласындағы ақпараттық жүйелерді интеграциялау мәселелері, сондай-ақ Россельхознадзордың өсімдік шаруашылығы өнімдерінің транзитін кідірту фактілері бойынша онлайн-кеңес өтті.

Қорытындысы бойынша Ресей тарапымен бірлесіп қазақстандық өсімдік шаруашылығы өнімдеріне шектеу қою мәселелерін пысықтау туралы шешім қабылданды.

Осы мәселелерді пысықтау барысында 16 мың тонна көлеміндегі қазақстандық жасымықтың партиясы «Новороссийск теңіз сауда порты» ЖАҚ теңіз портында кемеге сәтті тиеліп, межелі жерге жіберілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Ейск қаласының теңіз порты аумағында қазақстандық жасымық партиясының үлгілерін іріктеу және зертханалық сараптама жүргізу үшін Қазақстан тарапынан Ж. Жимебаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының, карантиндік зертхананың өкілдерін және сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тарта отырып, бірлескен жұмыс тобын ұйымдастыру жөніндегі уағдаластыққа да қол жеткізілді.

Бұған дейін ішкі нарықты қорғау мақсатында Қазақстан үшінші елдерден және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен бидай импортына 2024 жылдың соңына дейін тыйым салу енгізгенін атап өту қажет, бұл Ресей астығының Өзбекстан Республикасына және Қытай Халық Республикасына қайта экспортын шектеген болатын.

### ***Қазақстандық экспорттаушылардың мүдделерін құқықтық қорғауға қатысты***

Қазақстандық экспорттаушыларды құқықтық қорғау тетіктерінің бірі дауларды Еуразиялық экономикалық одақ сотында шешу болып табылады.

Россельхознадзордың әрекеттеріне қазақстандық экспорттаушылар Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес өз бетінше шағымдануға құқылы екенін атап өткен жөн.

Бұдан басқа, шикізаттық емес тауарларды қазақстандық экспорттаушылар үшін сақтандыруды, оның ішінде шығындарын сақтандыруды «Сараптамалық-кредиттік агенттік» АҚ ұсынады.

### ***Баламалы логистикалық маршруттарға қатысты***

2024 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша Транскаспий халықаралық көлік бағыты (*бұдан әрі - ТХКБ немесе Орта дәліз*) арқылы тасымалдау 2,9 млн тоннаға жетіп, өткен жылдың көрсеткішімен (*1,75 млн тонна*) салыстырғанда 69 %-ға ұлғайды.

2022 жылғы 25 қарашада Ақтауда Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия арасында 2027 жылға дейін Орта дәлізді дамыту жөніндегі жол картасына қол қойылды, оны іске асыру дәліздің өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылғы 10 қазанда Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы көлік, логистика және транзит саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, онда «рұқсатсыз» жүк тасымалдау жүйесін енгізу, сондай-ақ екі елдің халықаралық маршруттары жүргізушілері үшін визалық режимді алып тастау мүмкіндігі көзделеді, бұл осы бағыттағы жүк тасымалдары көлемін ұлғайтуға ынталандырып, соған жәрдемдесетін болады.

Сондай-ақ «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ мен «Түрікменстанның теңіз сауда флоты» АҚ арасында «ТХКБ» маршруты бойынша теңіз

тасымалдары әлеуетін кеңейтетін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қазіргі уақытта қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдері Қазақстан – Түрікменстан – Иран (*Инчебурун*), Қазақстан – Өзбекстан – Түрікменстан – Иран (*Серахс*) теміржол бағыттары бойынша Иранға және Иран аумағы арқылы (*Бендер Аббас порты*) Парсы шығанағы елдеріне тасымалдануда.

Бұдан басқа, қазақстандық жүктер Ақтау және Құрық порттары арқылы Иранның Амирабад және Анзали порттарына жеткізіледі. Жүк жөнелтушілердің өтінімдеріне сәйкес дәнді дақылдарды ауыстырып тиеу бойынша порттардың қолданыстағы қуаты ағымдағы жылдың соңына дейін көлемдермен қамтамасыз етілген.

#### ***Қытаймен жұмысты жандандыруға қатысты***

Қытайға қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы (*бұдан әрі – ҚХР БКБ*) арасында 18 дақыл бойынша фитосанитариялық талаптарға, сондай-ақ Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ҚХР БКБ тізіліміне өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша 1936 қазақстандық кәсіпорын, оның ішінде Қазақстанның карантиндік фитосанитариялық қызметінің кепілдігімен 1689 кәсіпорын енгізілді, олар бойынша қытайлық мамандар инспекция жүргізбейді.

Жалпы уәкілетті мемлекеттік органдар осы бағыттағы жұмысты жалғастыруда.

**О. Бектенов**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На депутатский запрос от 16 октября 2024 года № ДС-360

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно фитосанитарных ограничений при транзите казахстанской подкарантинной продукции через территорию Российской Федерации, сообщая следующее.

#### ***Касательно проведения официальных переговоров и введения ответных мер***

С 17 октября 2024 года Федеральной службой по ветеринарному и фитосанитарному надзору Российской Федерации (далее – Россельхознадзор) введены временные ограничения на ввоз пшеницы, чечевицы, семян льна и других товаров из Казахстана.

На заседании Межправительственной комиссии (далее – Комиссия) обсуждалась ситуация по необоснованным односторонним возвратам казахстанской сельскохозяйственной продукции со стороны Россельхознадзора. В результате Комиссия поручила уполномоченным органам двух стран в кратчайшие сроки провести консультации для снятия ограничений.

21 октября т.г. Министерством сельского хозяйства (далее – МСХ) направлено официальное письмо в адрес Россельхознадзора о проведении двустороннего совещания в целях детального и конструктивного изучения актуальных вопросов касательно карантинного фитосанитарного контроля при перемещении подкарантинной продукции и обсуждения вопросов по введению временных ограничений со стороны Российской Федерации.

1 ноября проведено онлайн-совещание между сторонами по вопросам интеграции информационных систем в области ветеринарного надзора и карантина растений, а также по фактам задержки Россельхознадзором транзита растениеводческой продукции.

По итогам принято решение о проработке совместно с российской стороной вопросов по ограничениям казахстанской растениеводческой продукции.

В ходе проработки данных вопросов партия казахстанской чечевицы в количестве 16 тыс. тонн в морском порту ПАО «Новороссийский Морской Торговый Порт» успешно перегружена на судно и направлена по месту назначения.

По результатам встречи также достигнута договоренность организовать совместную рабочую группу с привлечением от казахстанской стороны представителей Казахского научно-исследовательского института защиты и карантина растений им. Ж. Жиёмбаева, карантинной лаборатории и участников внешнеэкономической деятельности для проведения отбора образцов и лабораторной экспертизы казахстанской партии чечевицы на территории морского порта города Ейск.

Необходимо отметить, что ранее в целях защиты внутреннего рынка Казахстан ввел запрет на импорт пшеницы из третьих стран и Евразийского экономического союза (*далее – ЕАЭС*) до конца 2024 года, что ограничило реэкспорт российского зерна в Республику Узбекистан и Китайскую Народную Республику.

Также в текущем году по территории Казахстана на транзитные перевозки грузов стран ЕАЭС увеличен уровень унифицированных тарифов. К примеру, на экспортные перевозки российского зерна в Кыргызстан через территорию Казахстана уровень тарифа увеличен в 2 раза.

#### ***Касательно юридической защиты интересов казахстанских экспортеров***

Одним из механизмов юридической защиты казахстанских экспортеров является разрешение споров в суде Евразийского экономического союза.

Стоит отметить, что казахстанские экспортеры вправе самостоятельно обжаловать действия Россельхознадзора в соответствии с законодательством Российской Федерации.

Кроме того, для казахстанских экспортеров несырьевых товаров страхование предоставляется АО «Экспертно-кредитное агентство», в том числе по страхованию убытков.

#### ***Касательно альтернативных логистических маршрутов***

По итогам 8 месяцев 2024 года перевозки через Транскаспийский международный транспортный маршрут (*далее – ТМТМ или Срединный коридор*) достигли 2,9 млн тонн, увеличившись на 69 % по сравнению с показателем прошлого года (*1,75 млн тонн*).

25 ноября 2022 года в городе Актау между Казахстаном, Азербайджаном, Грузией и Турцией подписана Дорожная карта по развитию Срединного коридора до 2027 года, реализация которой позволит увеличить пропускную способность коридора до 10 млн тонн в год.

10 октября т.г. подписано Соглашение о стратегическом сотрудничестве в области транспорта, логистики и транзита между Казахстаном и Туркменистаном, которым предусматриваются введение «безразрешительной» системы грузовых перевозок, а также возможность отмены визового режима

для водителей-международников двух стран, что будет стимулировать и содействовать увеличению объема грузоперевозок в данном направлении.

Также подписан Меморандум о сотрудничестве между АО «НК «Актауский морской торговый порт» и АОЗТ «Морской торговый флот Туркменистана», расширяющий потенциал морских перевозок по маршруту «ТМТМ».

В настоящее время казахстанская сельскохозяйственная продукция транспортируется по железнодорожным направлениям «Казахстан – Туркменистан – Иран» (*Инчебурун*), «Казахстан – Узбекистан – Туркменистан – Иран» (*Серахс*) в Иран и через его территорию (*порт Бендер Аббас*) в страны Персидского залива.

Кроме того, казахстанские грузы доставляются через порты Актау и Курык в иранские порты Амирабад и Анзали. Согласно имеющимся заявкам грузоотправителей действующие мощности портов по перевалке зерновых культур обеспечены объемами до конца текущего года.

#### ***Касательно активизации работы с Китаем***

В целях наращивания экспорта казахстанской сельскохозяйственной продукции в Китай между МСХ и Главным таможенным управлением Китайской Народной Республики (*далее – ГТУ КНР*) подписаны фитосанитарные требования по 18 культурам, а также Меморандум о сотрудничестве в области карантина растений.

В реестр ГТУ КНР включено 1936 казахстанских предприятий по растениеводческой продукции, из них под гарантию карантинной фитосанитарной службы Казахстана без проведения инспекции китайскими специалистами включено 1689 предприятие.

В целом уполномоченными государственными органами работа в этом направлении продолжается.

**О. Бектенов**

*Исп.: Елтай Б.  
Тел.: 74-55-10*